

Туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 481 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1670 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.25 № 1670 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.21 N 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы және "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.21 N 1587 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Туристік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1213 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 33, 428-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 853 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 32, 445-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29

2. Туроператорлық қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

2. Туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптары

3. Туроператорлық қызметті жүзеге асыру кезінде қойылатын талаптар:

- 1) қалыптастырылған туристік өнімнің;
- 2) қалыптастырылған туристік өнімге кіретін жекелеген туристік қызметтерді көрсету үшін үшінші тұлғалармен (екі және одан астам) шарттардың;
- 3) туристік ваучер (жолдамалар) үлгісінің;
- 4) кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар туристік білімі бар кемінде бір қызметкердің;
- 5) кеңсеге арналған меншік немесе жалға алынған үй-жайдың;
- 6) туроператор туристік өнімге кіретін тұру, жол жүру жөніндегі қызметті, туризм нұсқаушысының қызметін дербес көрсеткен жағдайда, меншік немесе жалға алынған материалдық базасының;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес келетін туристік қызмет көрсетуге арналған шарт жобасының;
- 8) туроператордың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 3

қ ы р к ү й е к т е г і

№

8 7 9

қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Қызметкерлердің саны және болуы туралы құжат

(ө т і н і ш

б е р у ш і н і ң

а т а у ы)

Р/с N	Тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі және берілген күні	Лауазымы	Жұмыс өтілі, оның ішінде туризм саласында	Нотариалды куәландырылған құжатты растайтын көшірменің қосымшасы бар білімі туралы дипломы, куәлігі және басқа да құжаттары бойынша білігі (мамандығы)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы
1	2	3	4	5	6

М.О.

Басшының қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК